

Список литературы:

1. МакБет «Распространённое лидерство в действии: Исследование текущей практики в школах» стр. 178
2. Руководство для учителя первого(продвинутого) уровня, АОО «Назарбаев интеллектуальные школы», Центр Педагогического мастерства. 2014.

Байжігіт Ғалымжан Бейсенбайұлы,
ОҚО Тарихи-мәдени-этнографиялық орталық
Ғылыми-зерттеу бөлімінің менгерушісі
Түркістан қ.

МҰРАЖАЙ ПЕДАГОГИКАСЫ ЖӘНЕ МҰРАЖАЙҒА САЯХАТ ЖАСАУДАҒЫ МҰҒАЛІМНІҢ ҚЫЗМЕТІ

АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада мұражай педагогикасына қатысты, мектеп оқушыларының мұражайға саяхат жасауды мәселесі және дұрыс ұйымдастырылуы жайында қарастырылған.

Түйінді сөздер: тарих, мұражай, ескерткіш, мәдениет, гасыр, саяхат

АННОТАЦИЯ

В этой статье рассматриваются вопросы по музейной педагогике, способы привлечений учеников средней школы к экскурсиям по музею и правильности ее организаторства.

Ключевые слова: история, музей, памятник, культура, век, экскурсия

ABSTRACT

This article deals with pedagogy of the museum, and to attract students of the high school to excursion at the museum and its organization.

Keywords: history, museum, monument, culture, century, excursion

«Тұған жер алдындағы, оны жайлаған ел алдындағы парызды қастерлеу сезімі ғылыми жаңалықтар мен хабарламалардан ғана емес, көне – көз маұраны көріп, көңілге тоқу арқылы да тәрбиеленеді емес па?!» деген Өзбекәлі Жәнібеков ағамыздың пікірі мұражай ісінің ұлт болашағы мен бала тәрбиесінде алар орны ерекше екенін сипаттайтыды.

Мұражай –халықтың рухани қазынысының қайнар көзі. Өйткені, мұражай халықтың тарихын, мәдениетін, өнерін зерделеп сақтай білген ғылыми Орда.

«Қай халықтың болса да рухани әлеміне саяхат оның көне ескерткіштерімен, тарихи орындарымен танысадан басталады», -деп Ө.Жәнібеков ағамыз айтқандай, бүгінгі өскелең үрпаққа ұлттық таным мен рухани тәрбие беруде, танымдық, тұлғалық қабілеттерін дамытуда мәдени мұрамыз бер көне жәдігерлеріміз жетекші роль атқарары сөзсіз.

Мұражай ғасырдан-ғасырға, үрпақтан-үрпаққа мұра болып, тарих көшінде тінін үзбей жалғасып келе жатқан алтын желі.

Мұнда теориялық ойдың практикалық іске айналатын, ескі-құсқыны жинақтаушы емес, ұлт мәдениетінің озық үлгісін жасайтын, әрбір жәдігердің тарихын, құндылығын, маңызын зерделеп анықтайтын, оны ғылымға айналдырып болашаққа аманаттайтын күрделі құбылыс, ғылыми процесс жасалып отырады.

Елбасымыз Н.Назарбаев «Өлкө тарихының қасиетті мекені» атты еңбегінде: «Егеменді еліміздің мәдени өмірінде музейлердің орны ерекше. Тарихымызды терең зерттеп, оның тәжірибесінен тағлым алу Қазақстанда патриотизм қалыптастырудың, Отанның лайықты азаматтарын тәрбиелеудің басты шарттарының бірі», деп тарихи таным мен ұлттық патриотизмге тәрбиелеудегі мұражайлардың танымдық ағартушылық пәрменін ерекше атап көрсеткен.

Тәрбие беру жұмысы тәжірибесінде мектеп мұғалімдерінің мұражайлармен байланыстарының әр түрлі формалары қалыптасқан:

Мұражайды жүргізілетін оку сапарын бірге дайындау, ұйымдастыру;

- Мұражай сабағын дайындауда мұғалім мен мұражай қызметкерінің байланысы;
- Мұражай мұрағаттарын көрнекті құрал ретінде пайдалану;
- Тәрбиелік мәні бар іс-шараларды бірге үйымдастыру;
- Мұғалімдер үшін мұражайда дәрістер, семинарлар, конференциялар өткізу;
- Мектепке мұражай үйымдастыруға көмектесу.

Мектеп пен мұражай арасындағы қарым-қатынастардың кең тараған түрі –мұражайға сапар.

Әйтсе де, жеке мұғалімдердің мұражайға оқушыларды бастап келуші қызметін атқарып, мұражай мен байланысы болмайды, шәкірттердің оқу сапарына алдын-ала дайындалмайды.

Шәкірттерді мұражайға баруды үйымдастырада негізгі үш кезеңдік жұмыс атқару керек:

1. Оқушыларды мұражаймен кездесуге дайындау.
2. Оқу сапарын жүргізу.
3. Мұражай мұрағаттарымен танысада алған білімдерін бекіту

Мұғалім шәкірттерді мұражайға апармас бұрын оның мұрағаттарымен, экспозициялық көрмесімен танысып, ғылыми қызметкермен ақылдасып, пікір алысады.

Дайындық жұмысының жоспарыныңандай негізде жасалады:

- Мұражай жайлыш жалпы мағлұмат беру, мұражайлық ақпараттардың ерекшелігінен түсінік беру.

- Оқу сапарының мақсаты мен тақырыбын түжірымдау;
- Оқушылардың өзіндік жұмыстарының сұраптарын дайындау.
- Мұражайда өзін-өзі ұстау ережесімен таныстыру.

Мұражайдан кейінгі істелетін жұмыс түрлері:

- Мұражайға сапардан алған түсініктері мен ойларын мектеп сабағында сынып сағатында ортаға салу, әңгіме өткізу;

- Мұғалім тапсырмасымен мұражай сапарына сәйкес дайындалған хабарлама мен баяндамалар тыңдау.

- Мұражайдан алған білімдері мен әсерлеріне байланысты шығармалар жаздыру.

Мұражайдың әдеби-тарихи мұрағаттары, дерек-мағлұматтары дидактикалық құрал ретінде сабактың негізгі мақсатына қызмет ете отырып, оқушыларға туған этнос-мәдениетін, әдебиетін, тарихын, әдет-салтын, жерін танып білудің ұлттық жүйесін, ұлттық мәдени мұраға құрмет сезімін оятып, ұлттық патриотизм рухын дарытады. Мұражай мұрағатымен жұмыс оқушының қызығушылығын арттырып, өз бетінше шығармашылық әрекеттер жасауға, ғылыми іздену жұмыстарының негізін қалауға көмектеседі.

«Елімнің ұлы болсаң, еліңе жаңың ашыса, азаматтық намысың болса, қазактың ұлттық мемлекетінің нығайып, көркеюіне жан терінді сыйып жүріп енбек ет. Елдің де, жердің де иесі өзің екенінді ұмытпа», -деген Елбасының асыл тілегімен аяқтаймын.

Әдебиеттер тізімі:

- 1.«Мәдени мұра» бағдарламасы.- Алматы, 2005.
- 2.Мәдениет журналы
- 3.Р.Харипова «Мұражайлардың мәдени бағытындағы жұмыс түрлері»
- 4.Р.Илясова «Қазіргі музей ісінің өзекті мәселелері»
- 5.К.Райымханов, Қатран.Д «Музей ісінің теориясы мен практикасы» Оқу құралы. - Алматы, 2005.